

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2023. № 26 (1)

Бас редакторы:

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

1. Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); [Scopus Author ID: 55801644900](#); [ORCID](#)
2. Әжіғали Серік Ескендірұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57478728700](#); [ORCID](#)
3. Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57208107912](#); [ORCID](#)
4. Вильмено Анне-Мари, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); [Scopus Author ID: 36679419300](#); [ORCID](#)
5. Смағұлов Оразак Смағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); [Scopus Author ID: 22979625700](#); [ORCID](#)
6. Крупа Татьяна Николаевна, В.Н. Карамзин атындағы Харьков ұлттық университетінің Слобод Украинаның археология және этнология музейінің реставрациялық шеберхананың меңгерушісі (Харьков, Украина);
7. Көмеков Болат Ешмұхамедұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57193858171](#); [ORCID](#)
8. Кушқумбаев Айболат Қайырсыямұлы, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57202775542](#); [ORCID](#)
9. Мионг Сун-ок, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); [Scopus Author ID: 56720218700](#); [ORCID](#)
10. Моррисон Александр, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); [Scopus Author ID: 35794760200](#); [ORCID](#)
11. Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); [Scopus Author ID: 56409722900](#); [ORCID](#)
12. Әлімбаев Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 55860087100](#); [ORCID](#)
13. Садвокасова Закиш Төлеханқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 56682843400](#); [ORCID](#)
14. Өмер Құл, әлеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); [ORCID](#)
15. Оно Рюосуке, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропология (Токио, Жапония);
16. Төлеубаев Әбдеш Тәшкенұлы, тарих ғылымдарының докторы, этнограф, археолог; әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); [Scopus Author ID: 57189622830](#); [ORCID](#)
17. Уяма Томохико, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); [Scopus Author ID: 56471951500](#); [ORCID](#)
18. Петер Финке, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); [Scopus Author ID: 55124700300](#)

Жауапты редактор

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

Ғылыми редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар

Зікірбаева В.С., Черепанов Т.К.

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

1. Абиль Еркин Аманжолович, доктор исторических наук, профессор, директор Института Истории государства РК (Республика Казахстан, Астана); [Scopus Author ID: 55801644900](#); [ORCID](#)
2. Ажигали Серик Ескендинович, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник, почетный заведующий отделом этнологии и антропологии Института Истории и этнологии (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57478728700](#); [ORCID](#)
3. Абусеитова Меруерт Хуатовна, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент Национальной академии наук РК; директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57208107912](#); [ORCID](#)
4. Вильмено Анне-Мари, доктор антропологии, профессор Католического университета Лувен, (Бельгия, Лувен); [Scopus Author ID: 36679419300](#); [ORCID](#)
5. Исагулов Оразак Исагулович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана); [Scopus Author ID: 22979625700](#); [ORCID](#)
6. Крупа Татьяна Николаевна, заведующая реставрационной мастерской Музея археологии и этнографии Слободской Украины Харьковского национального университета имени В.Н. Карамзина (Украина, Харьков);
7. Кумек Болат Ешмухамбетович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК; директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57193858171](#); [ORCID](#)
8. Кушкумбаев Айболат Кайрслямович, доктор исторических наук, главный научный сотрудник, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана); [Scopus Author ID: 57202775542](#); [ORCID](#)
9. Мионг Сун-ок, доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, Сеул); [Scopus Author ID: 56720218700](#); [ORCID](#)
10. Моррисон Александр, PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд); [Scopus Author ID: 35794760200](#); [ORCID](#)
11. Муминов Аширбек Курбанович, доктор исторических наук, арабист, профессор; Консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул); [Scopus Author ID: 56409722900](#); [ORCID](#)
12. Нурсан Алимбай, кандидат исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 55860087100](#); [ORCID](#)
13. Садвокасова Закиш Тулехановна, доктор исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 56682843400](#); [ORCID](#)
14. Омер Кул, доктор социальных наук, профессор Стамбульского университета; (Турция, Стамбул); [ORCID](#)
15. Оно Рюосуке, доктор исторических наук, антрополог Университет Васеда (Япония, Токио);
16. Толеубаев Абдеш Ташкенович, доктор исторических наук, этнограф, археолог; профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби (Республика Казахстан, Алматы); [Scopus Author ID: 57189622830](#); [ORCID](#)
17. Уяма Томохико, PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония, Саппоро); [Scopus Author ID: 56471951500](#); [ORCID](#)
18. Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); [Scopus Author ID: 55124700300](#)

Ответственный редактор

Муканова Гюльнар Кайроллиновна

Научные редакторы

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Мурзаходжаев Куаныш

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева В.С., Черепанов Т.К.

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Editorial board

1. Abil Erkin Amanzholovich, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); [Scopus Author ID: 55801644900](#); [ORCID](#)
2. Azhigali Serik Yeskendirovich, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57478728700](#); [ORCID](#)
3. Abusseitova Meruert Khuatovna, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57208107912](#); [ORCID](#)
4. Vuillemenot Anne-Marie, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); [Scopus Author ID: 36679419300](#); [ORCID](#)
5. Ismagulov Orazak Ismagulovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); [Scopus Author ID: 22979625700](#); [ORCID](#)
6. Krupa Tatiana Nikolaevna, head of the restoration workshop of the Museum of archeology and ethnography of Slobodskaya Ukraine of the V.N. Karamzin Kharkov national university (Ukraine, Kharkov);
7. Kumekov Bolat Eshmukhambetovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57193858171](#); [ORCID](#)
8. Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); [Scopus Author ID: 57202775542](#); [ORCID](#)
9. Myong, Soon-ok, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); [Scopus Author ID: 56720218700](#); [ORCID](#)
10. Morrison Alexander, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); [Scopus Author ID: 35794760200](#); [ORCID](#)
11. Muminov Ashirbek Kurbanovich, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); [Scopus Author ID: 56409722900](#); [ORCID](#)
12. Alimbay Nursan, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). [Scopus Author ID: 55860087100](#); [ORCID](#)
13. Sadvokassova Zakish Tleukhanovna, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 56682843400](#); [ORCID](#)
14. Omer Cul, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); [ORCID](#)
15. Ono Ryosuke, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);
16. Toleubayev Abdesh Tashkenovich, doctor of historical sciences, ethnographer, archeologist; professor of al-Farabi Kazakh National university (Republic of Kazakhstan, Almaty); [Scopus Author ID: 57189622830](#); [ORCID](#)
17. Uyama Tomohiko, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); [Scopus Author ID: 56471951500](#); [ORCID](#)
18. Dr. Peter Finke, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); [Scopus Author ID: 55124700300](#)

Executive Editor

Mukanova Gyulnar

Scientific Editors

Kasymova Didar

Murzakhodzhayev Kuanysh

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh

Technical secretary

Zikirbayeva V.S., Cherepanov T.K.



ARCHEOLOGY / АРХЕОЛОГИЯ

Published in the Kazakhstan
Отан тарихы
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 26. Is. 1, pp. 173-189, 2023
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>


FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.41.91
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_26_1_173-189

**HISTORY OF STUDY OF SITES OF KANGUY AND TURKIC EPOCHS
IN TERIS-ASA VALLEYS**


Yeraly Sh. Akymbek¹, Dokey A. Taleev², Mambet S. Shagirbayev³

^{1,2,3}Institute Archeology named A.Kh. Margulan (44, Dostyk Str., Almaty, 050010 Republic of Kazakhstan)


¹PhD, Leading Researcher

 <https://orcid.org/0000-0002-0603-4514>. E-mail: eraly_a@mail.ru

²Can. Sciences (History), Leading Researcher

 <https://orcid.org/0000-0002-1694-3762>. E-mail: doc1959@mail.ru

³Master of Arts, Researcher

 <https://orcid.org/0000-0001-8176-9329>. E-mail: mambet87@mail.ru

© IHE named after Ch.Ch.Valichanov, 2023

© Akymbek, Taleev, Shagirbayev, 2023

Abstract. Introduction. The article provides a historiographic overview on a chronological basis of the study of ancient and medieval urban sites in the Terys-Asa valleys of Talas region. Separate archaeological sites (hillfort, settlement, tortkul, etc.) are systematized and grouped into a regional historical landscape, an analysis of the introduction of information about urban sites into scientific circulation is given. The research results include the study of sites of the Kanguy and Turkic periods in the Teris and Asa valleys in a large-scale chronological period from the end of the XIX century to the present day. The research work is based on research materials given in the works of scientists like V.V. Bartold, V.A. Kallaur, A.N. Bernstam, G.I. Patsevich, A.H. Margulan, E.I. Ageeva, M. Eleuov, D.A. Taleev and others. In the question of the chronological systematization of publications and scientific reports related to sites of the settlement culture in the valleys, the Corps of the Lists of sites and monuments are indicated as separate stages of research. It is noted that despite the fact that repeated archaeological surveys of urban sites in the Teris-Asa valleys have been carried out, the results of which are published in the form of separate Corpses of sites and monuments in the region and microregions, numerous contradictions are observed in the frequency of sites and monuments. The authors of the article cite that the cultural landscape of the Teris River is found in written sources and the judgments of researchers who have historically identified them, and emphasize the need to supplement data related to ancient and medieval settlement sites in a given valley with recent research. The article emphasizes the need to clarify the chronology of the existence of separate sites, compare the features of construction and determine the function of hillforts and settlements, the main tasks of research covering various historical periods are distinguished.

Key words: Teris-Asa valley, Antiquity, Middle Ages, site, settlement, tortkul, urban culture, archaeological research, archaeological materials, historiographic analysis.

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Kangui and Turkic Settlements of the Teris-Asa Valley (third century BC to twelfth century AD)» (Registration number AP 14871082).

For citation: Akymbek Y.Sh., Taleev D.A., Shagirbayev M.S. History of study of sites of kanguy and turkic epochs in Teris-Asa valleys // *Отан тарихы*. 2023. Vol. 26. No. 1. Pp. 173-189. DOI:




ТЕРИС-АСА АЛҚАПТАРЫНДАҒЫ ҚАҢЛЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ


Ералы Шардарбекұлы Ақымбек¹, Дөкей Әбдікерімұлы Талеев², Мамбет Сапабекович Шағирбаев³

^{1,2,3} Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты (44-үй, Достық көш., 050010 Алматы, Қазақстан)


¹ PhD, жетекші ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0002-0603-4514>. E-mail: eraly_a[at]mail.ru

² тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0002-1694-3762>. E-mail: doc19_59[at]mail.ru

³ өнертану ғылымдарының магистрі, ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0001-8176-9329>. E-mail: mambet__87[at]mail.ru

Андатпа. *Kipisne.* Мақалада Теріс-Аса алқаптарындағы ежелгі және ортағасырлық қоныстық ескерткіштердің зерттелуіне хронологиялық негізде тарихнамалық шолу жасалады. Тарихи ландшафттағы археологиялық нысандардың (қала, қоныс, төрткүл және т.б.) зерттелуі жүйелі түрде топтастырылып, қоныстық ескерткіштер туралы мәліметтердің ғылыми айналымға енуіне талдау жүргізіледі. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – Теріс және Аса алқаптарындағы қаңлы және түркі кезеңдеріндегі қоныстық ескерткіштерінің зерттелуін ХІХ ғасырдың аяғынан бастап бүгінге дейінгі ауқымды хронологиялық кезеңде қарастыра отырып, жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері салыстырмалы түрде зерттеледі. *Нәтижелер.* Зерттеу жұмысында В.В. Бартольд, В.А. Каллаур, А.Н. Бернштам, Г.И. Пацевич, Ә.Х. Марғұлан, Е.И. Агеева, М. Елеуов, Д.Ә. Талеев және т.б. ғалымдардың еңбектеріндегі зерттеу материалдарына тоқталып, олардың ерекшеліктері сипатталады. Қарастырылып отырған алқаптардағы отырықшылық мәдениет ескерткіштеріне қатысты жарияланымдар мен ғылыми есептерді хронологиялық тұрғыдан жүйелеуде, ескерткіш тізімінің жинақтары жеке зерттеу кезеңдері ретінде көрсетіледі. Теріс-Аса алқаптарындағы қоныстық ескерткіштерге бірнеше қайтара археологиялық барлау жұмыстары жүргізіліп, нәтижелері облыс және аудандар бойынша жеке жинақ түрінде жарыққа шыққанымен, ескерткіштердің мерзімделуінде көптеген қарама-қайшылықтар кездесетініне назар аударылады. Мақала авторлары Теріс өзенінің жоғарғы ағысындағы мәдени ландшафтының жазба деректерде кездесетініне және оларды тарихи тұрғыдан сәйкестендірген зерттеушілердің пайымдауларына тоқталып, аталған алқаптағы ежелгі және ортағасырлық қоныстық ескерткіштермен байланысты мәліметтерді соңғы зерттеулермен толықтыру қажеттігін алға тартады. *Қорытынды.* Мақаланың құрылымында әртүрлі тарихи мерзімдерді қамтитын қоныстық ескерткіштерді зерттеудегі басты міндеттер сипаттала отырып, олардың өмір сүрген мерзімдерін нақтылау, құрылыс ерекшеліктерін салыстыру және атқарған қызметтерін анықтау қажеттігі айтылады.

Түйін сөздер: Теріс-Аса алқаптары, ежелгі дәуір, орта ғасыр, ескерткіш, қоныс, төрткүлдер, қала мәдениеті, археологиялық зерттеулер, археологиялық материалдар, тарихнамалық талдау.

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Теріс-Аса алқаптарындағы қаңлы және түркі кезеңдерінің қоныстары мен қалалары (б.з.д. ІІІ ғ. – б.з. ХІІ ғ.)» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 14871082).


Дәйексөз үшін: Ақымбек Е.Ш., Талеев Д.Ә., Шағирбаев М.С. Теріс-Аса алқаптарындағы қаңлы және түркі дәуірі ескерткіштерінің зерттелу тарихы // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 1. С. 173-189. (Қаз.) DOI:

ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ПАМЯТНИКОВ КАНГЮЙСКОЙ И ТЮРКСКОЙ ЭПОХ В ДОЛИНАХ ТЕРИС-АСА

Ералы Шардарбекулы Ақымбек¹, Дөкей Абдікеримович Талеев², Мамбет Сапабекович Шағирбаев³

^{1,2,3} Институт археологии им. А.Х. Маргулана (д. 44, ул. Достық, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

¹ PhD, ведущий научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0002-0603-4514>. E-mail: eraly_a[at]mail.ru

² кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник



<https://orcid.org/0000-0002-1694-3762>. E-mail: doc19_59[at]mail.ru

³магистр искусствоведческих наук, научный сотрудник

<https://orcid.org/0000-0001-8176-9329>. E-mail: mambet87[at]mail.ru

Аннотация. *Введение.* В статье приводится историографический обзор на хронологической основе процесса изучения древних и средневековых поселений в долинах Терис-Аса. *Цель и задачи.* Систематизировать и группировать в исторический ландшафт отдельные археологические объекты (городище, поселение, торткуль и др.), проводится анализ введения в научный оборот сведений о поселенческих памятниках. Относительно изучаются результаты проведенных исследовательских работ с рассмотрением изучения памятников кангюского и тюркского периодов в Терисской и Асинской долинах в масштабном хронологическом периоде с конца XIX века до наших дней. *Материалы и методы.* В исследовании характеризуются материалы исследования в трудах ученых В.В. Бартольда, В.А. Каллаура, А.Н. Бернштама, Г.И. Пацевича, А.Х. Маргулана, Е.И. Агеевой, М. Елеуова, Д.А. Талеева и др. *Результаты.* В хронологической систематизации публикаций и научных отчетов, относящихся к памятникам культуры оседлости на территории долин, своды списков памятников указываются как отдельные этапы исследования. *Выводы.* Отмечается, что несмотря на то, что проведены неоднократные археологические изыскания поселенческих памятников в долинах Терис-Аса, результаты которых опубликованы в виде отдельных сводов памятников по области и районам, в периодичности памятников наблюдается многочисленные противоречия. Авторы статьи ссылаются на то, что культурный ландшафт реки Терис встречается в письменных источниках и суждения исследователей, которые исторически отождествляли их, и подчеркивают необходимость дополнить данные, связанные с древними и средневековыми поселенческими памятниками в данной долине, недавними исследованиями. В статье подчеркивается необходимость уточнения хронологии существования отдельных памятников, приводятся сравнения особенностей строительства и определения функции городов и поселений, выделяются основные задачи исследований, охватывающих различные исторические периоды.

Ключевые слова: долина Терис-Аса, древность, Средневековье, памятник, поселение, торткуль, городская культура, археологические исследования, археологические материалы, историографический анализ.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Поселения и города кангюского и тюркского периода долины Терис-Аса (III в. до н.э. – XII в. н.э.)» (регистрационный номер: АР 14871082).

Для цитирования: Акымбек Е.Ш., Талеев Д.А., Шагирбаев М.С. История изучения памятников кангюской и тюркской эпох в долинах Терис-Аса // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 1. С. 173-189. (На каз.) DOI:

1. Кіріспе

Аса өзені Теріс және Күркіреусу өзендерінің қосылып құюынан қалыптасады. Күркіреусу өзенінің жоғарғы және орта ағысы көрші Қырғызстан аумағында, ал төменгі ағысы шекараны бөліп жатыр. Өзен Қаратау жотасының оңтүстік-шығыс аяғын кесіп өтіп, солтүстік-батысқа тік бұрылады. Аса өзінің жолында Биліккөл мен Ақкөл ағын көлдері арқылы өтіп, содан кейін құмға барып сіңіп кетеді. Өзеннің ұзындығы 253 км, су жинау бассейнінің ауданы – 9210 км². Өзеннің көптеген арналары мен арықтарын есептемегенде 30-ға жуық саласы бар.

Қазақстан аумағындағы Асаның негізгі және көп суы бар саласы – Теріс өзені болып табылады. Ол Теріс-Қошқарата тауаралық ойпатынан ағып шығады. Ойпат Боралдай тауымен және Көкжон таулы үстіртімен шектеседі. Бұл морфоқұрылымдар Қаратаудың оңтүстік-шығыс бөлігі болып табылады. Теріске көлбеу сипаттағы көптеген салалар, сондай-ақ Көкжон үстіртінің үстіндегі кең бассейні бар Шымбұлақ өзені құяды. Теріс өзені тауға қарай ағып жатқан сияқты кейін танытқандықтан, «Теріс» деп аталып кеткен. Ал, тауды қиып, асып өткеннен кейін «Аса» деп аталады.

Аса өзенінің аңғары мен оған жақын аудандар ежелгі дәуірден бастап үлкен ауылшаруашылық маңызға ие болды. Оның суларымен ондаған мың гектар суармалы жерлер суарылды. Бұл фактор барлық уақытта осы жерлерді игеру үшін шешуші болды.




Теріс өзені аңғары таулармен қоршалған, көптеген салалары мен бұлақтары бар жазық рельефі бар кең тауаралық ойпатта орналасуы бұл аймақтың тұрғындарына егіншілікті дамытуға, ал жоталардың сай-салалы беткейлері жайылымдық мал шаруашылығын дамытуға мүмкіндік берді.

Теріс өзені Жамбыл облысының Жуалы ауданы арқылы, Аса өзені Жамбыл және Талас аудандарының жері арқылы өтіп, Сарысу ауданы аумағында құмға сіңіп кетеді. (Жамбыл..., 2014а).

Ежелгі және орта ғасырлардағы қоныстық ескерткіштер Теріс өзенінің бойы мен көптеген салаларында, ал Аса алқабында негізінен өзен бойына жақын маңда және бұлақтардың көзі төңірегінде орналасқан. Сонымен қатар, асулар мен керуен жолдарының бойындағы бұлақтар мен бұлақ суларының маңайынан да ұшырасады. Үлкен қалалар (Бектөбе, Қаракемер және т.б.) Аса өзенінен біршама қашық болғанымен, бірнеше бұлақ көздеріне жақын орналасқан. Теріс алқабында орта ғасырларға жататын қалалардың басым бөлігі суы мол өзендерге жақын орналасқан болса, ежелгі қоныстар мен ортағасырлық төрткүлдердің көпшілігі тау шатқалдарының аузы мен таудан ағып шығатын шағын өзендердің бойында орналасқандығы байқалады.

Ерекше табиғи ортада, жан-жағын тау қоршап жатқан алқаптарда орналасқан ескерткіштерді зерттеу ерте бастан-ақ ғалымдардың қызығушылығын тудырған.

Теріс-Аса алқаптары туралы ағашқы зерттеу жұмыстары XIX ғ. екінші жартысынан басталады. 1864 ж. Орыс Географиялық қоғамының мүшесі Н.А. Северцов Теріс (Аса) өзені өңірінде болып, Ортақ таудың солтүстік беткейі, Билікөлдiң жағасы және Боралдай тауының табиғаты, өсімдіктері мен жануарлар дүниесі туралы құнды деректерді алғаш жазып қалдырады (Северцева, 1947: 90-92). Тау бөктерлерін жағалай аққан осы бір қос өзеннің бойын адам баласы ежелгі заманнан бастап мекендеген. Аталған өңірде көне дәуірден бастап бүгінге дейінгі дәуірлерді қамтитын тарихи ескерткіштер шоғырланған. Өзеннің өн бойында тас, қола және ерте темір дәуірі ескерткіштерімен қатар, ерте орта ғасыр және орта ғасырға жататын қоныстар, бекіністер мен қала орындарының қалдықтары сақталған (сур. 1).



1-сурет. Теріс-Аса алқаптарында орналасқан қоныстық ескерткіштердің картасы
[Fig. 1. Map of settlement monuments located in the Teris-Asa valleys]

Теріс және Аса алқабында орналасқан ескерткіштер әр жылдары барлау-іздістіру жұмыстарының негізінде анықталып, ескерткіштер тізіміне алынғанымен, арнайы археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, терең сараптама жасалғандары өте сирек. Аталған мәдени ландшафта орналасқан қоныстар мен қалалардың әр жылдары жүргізілген



зерттеулерін топтап, бірнеше кезеңге бөлуге болады: XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында жүргізілген зерттеулер; 1930–1960 жж. аралығындағы зерттеулер; 1960 ж. жарияланған Қазақстанның археологиялық картасы; 1982 ж. Жамбыл облысы Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы; 2002 ж. жарияланған Қазақстан Республикасы Тарих және мәдениет ескерткіштері жинағы (Жамбыл облысы) және «Археологиялық сараптама» ЖШС Ескерткіштер жинағы экспедициясының 2009 (Талас ауданы) – 2010 (Жамбыл ауданы) және 2013 (Жуалы ауданы) – 2014 (Сарысу ауданы) жылдары жүргізген зерттеулері. Аталған кезеңдерден басқа, жеке ескерткіштерге жүргізілген зерттеулер де кездеседі. Бүгінге дейін түзетулер (гео-координаттары, сақталу жағдайы, мерзімделуі және т.б.) мен жаңа ашылымдар ескеріліп бірнеше рет қайта басылып шыққан Ескерткіштер жинақтарында, Теріс және Аса өзендерінің аралығындағы мәдени ландшафтан 60-қа жуық ескерткіш қамтылған. Алайда, тек 15-ке жуығы ғана Ескерткіштер жинағындағы стандартты сипаттамалардан бөлек, басқа да археологиялық жағдайлары ішінара ескеріліп зерттелген. Оның ішінде, нақты археологиялық қазба жүргізіліп, топографиясы, фортификациясы, стратиграфиясы, материалдық мәдениеті, баламалануы, шаруашылығы, радиокөміртекті мерзімдеулері және т.б. мәселелерін кешенді қамти отырып ғылыми талдау жасалғандарының қатарынан Бектөбе, Тамды және Бурнооктябрьское қалаларына атауға болады.

2. Материалдар мен әдіс-тәсілдері

Мақаланың материалдық базасын XIX ғ. ортасынан бастап бүгінге дейін Теріс-Аса алқаптарында жүргізілген өлкетанулық, археологиялық барлау және археологиялық қазба жұмыстарының жарияланымдары, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының архивінде сақталған есептер және тарих, мәдениет ескерткіштерін тізімдеудің жинақтары құрайды.

Зерттеу жұмысының мақсаты аталған алқаптардағы ежелгі және ортағасырлық ескерткіштер (қоныс, қала, төрткүл және т.б.) туралы мәліметтерді жүйелеп, зерттелу тарихына хронологиялық негізде сараптама жасау болып табылады. Жұмыс Теріс-Аса алқаптарындағы отырықшы мәдениет ескерткіштерінің зерттелу ерекшеліктеріне байланысты болғандықтан, негізінен тарихнамалық зерттеу әдістері басшылыққа алынды.

Тарихнамалық шолуда тарихи ескерткіштердің зерттелу кезеңдеріне сәйкес хронологиялық сипаттау әдісі қолданылды. Аталған зерттеу әдісі жұмыстың бүкіл құрылымында пайдаланылып, археологиялық зерттеу жұмыстарының хронологиялық шегін айқын көрсетеді және қоныстық ескерткіштер туралы пайымдаулардың ғылыми айналымға енуін сараптауға мүмкіндік береді.

Зерттеліп отырған тарихи ландшафттағы археологиялық ескерткіштер туралы қордаланған мәліметтерді айқын көрсетуде және қоныстардың (қала, төрткүл) мерзімделуіндегі пікір қайшылықтарын анықтауда салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылды. Теріс-Аса өңіріндегі археологиялық ескерткіштердің хронологиялық шегіндегі үлкен айырмашылықтар, әртүрлі тарихи дәуірлер өмір сүргендігін көрсетеді.

Тарихнамалық мәліметтердің өзара байланыстарын бірнеше археологиялық кезеңдерге (өмір сүрген мерзімдері) топтап, ара-жігін ажыратуда тарихи мерзімдемелік әдіс басшылыққа алынды. Аталған зерттеу әдісі қаңлы-түркі дәуірлеріндегі археологиялық ескерткіштердің тарихи сабақтастығын талдауда қолданылды.

3. Талқылау

Теріс-Аса алқабында орналасқан ескерткіштердің зерттелуі бірінші кезекте жазба деректердегі қала атауларымен сәйкестендіру, археологиялық барлау жүргізу барысында жаңадан ашу, қазба жұмыстарын жүргізу және тізімге алу секілді бағыттармен тікелей байланысты. Аталған бағыттардағы зерттеулерді хронологиялық жүйеде топтастыратын болсақ, бірнеше зерттелу кезеңдерін байқаймыз.

Бірінші кезеңі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы зерттеулер. Бұл мерзімде Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшелері жүргізген барлау және зерттеу жұмыстары қамтылып, Теріс-Аса аумағындағы бірқатар ескерткіштер сипатталып өткен. Оның ішінде бүгінде Сарысу ауданында орналасқан Саудақент (Колосовский, 1901: 89-97) және Көккесене (Каллаур, 2011), Талас ауданының аумағында орналасқан Атбайлар, Тектұрмас және Ақкесене (Каллаур, 2011), Жуалы ауданы бойынша Бурнооктябрьское және Кремневский (Бартольд, 1897: 8) ескерткіштері қарастырылған. В.А. Колосовский, В.А. Каллаур және



В.В. Бартольдтың жазбаларында аталған ескерткіштер жазба деректердегі тарихи атаулармен сәйкестендіруге талпыныстар жасалып, біршама сипаттамалары берілген.

Зерттеу жұмысының екінші кезеңі 1939-1949 жж. А.Н. Бернштамның зерттеулерінде қазіргі Жамбыл ауданында орналасқан Әулиебастау, Кішімүрде, Қаракемер, Бектөбе, Тастөбе, Жуантөбе, Жалпақтөбе, Ақыртас ескерткіштері, Жуалы ауданы бойынша Адрасиаб-мүрде, Бекіністі мекенжұрт, Атауы жоқ қала, Мүрделітөбе, Бекіністі қоныс, Келтоған, Бурнооктябрьское және Кремневский қалалары, Сарысу ауданы бойынша Саудақент, Көкесене ескерткіштері, Талас ауданы бойынша Тамды, Төрткүлтөбе, Тектұрмас, Жаңақорған, Қоңыртөбе, Ақкесене, Шаруашылық және Тайтөбе ескерткіштері қарастырылған (Пацевич, 1939: 39-43; Пацевич, 1940; Бернштам, 1949: 115-140; Агеева, 1949: 100-118). Г.И. Пацевич, А.Н. Бернштамның және Е.И. Агеева еңбектерінде аталған ескерткіштердің топографиялық сипаттамалары, жазба деректердегі қала атауларымен сәйкестігі, қазба материалдары және керамикасына негізделген мерзімдеулері беріледі.

Зерттеу жұмыстарының үшінші кезеңі 1960 жылы жарияланған Қазақстанның археологиялық картасының тізіліміне енген ескерткіштер. Оның ішінде, Саудақент (IX–XV), Тамды (VI–XII), Тастөбе (IX–XII), Бектөбе (VII–XII), Мүрделітөбе (VIII–XII), Әулиебастау (IX–XII), Кішімүрде (VII–XIII), Бурнооктябрьское (VII–X) және т.б. бекіністер мен төрткүлдер енген (Археологическая..., 1960: 239-274). Аталған тізім бұрын әр жерде жарияланған ескерткіштер туралы мәліметтер ықшамдалып, ортақ картаға енгізіліп, шамамен мерзімдері көрсетілуімен ерекшеленеді.

Зерттеу жұмысының төртінші кезеңін Жамбыл облысындағы тарихи-мәдени ескерткіштердің тізімін жасаумен байланысты зерттеулер. Ескерткіштер тізімі 1982, 2002, 2009-2014 жылдар аралығында жарияланады. Одан бөлек, жоғарыда жазғанымыздай, жекелеген ескерткіштерге тұрақты қазба жұмыстары жүргізілгені белгілі.

Бірқатар ескерткіштерге жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары, ескерткіштердің мерзімделу мәселесін қайта қарау қажеттігін көрсетіп отыр. Жалпы мәдени ландшафтан бүгінге дейін 60-қа жуық қоныс, төбе, мұнара, төрткүл және қала орындары анықталса, соның ішінде бүгінге дейін белгілі 18 ескерткіштің өмір сүрген уақыты VI–VII ғасырлардан басталады. Көпшілігінің мерзімделуі ескерткіштің үстінен жинап алынған керамикаларға негізделіп жасалғандықтан, көрсетілген уақыттары нақты емес. Мысалы Теріс алқабында орналасқан Бурнооктябрьское қаласын 1958 ж. Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевич ескерткіштің бетіндегі материалдарына қарап, VII–X ғғ. мерзімдейді (Агеева, Пацевич, 1958: 139). 1960 ж. Қазақстанның археологиялық картасында ескерткіштің мерзімі VII–X ғғ. деп көрсетілген (Археологическая карта..., 1960: 277). 1982 жылы жарық көрген Жамбыл облысының ескерткіштер жинағында Бурнооктябрьское қаласы VIII–XII ғғ. мерзімделеді (Алипчиев, Байбосынов, 1982: 64). 2002 ж. жарыққа шыққан Жамбыл облысының тарихи-мәдени ескерткіштер жинағында VIII–X ғғ. деп берілген (Қазақстан..., 2002: 157). 2013 ж. шыққан Ескерткіштер жинағында Бурнооктябрьское қаласының мерзімі көрсетілмеген (Жамбыл..., 2013: 193). Дегенмен, Бурнооктябрьское қаласына 2018-2021 жж. жүргізілген қазба жұмыстары барысында анықталған ағаш көмірін зертханалық талдау нәтижелері, ескерткіштің төменгі мәдени қабаты б.з. II ғ. мерзімделетінін, жоғарғы қабаты VI–IX ғғ. тән екендігін көрсетеді (Талеев, Торбеков, 2020: 60). 2018 ж. бірінші бөлменің еденін тазалау барысында табылған адамның бас сүйегі антрополог мамандардың алдын ала сараптауы бойынша қолдан өзгертілген 18-19 жасар қыз балаға тиесілі, яғни арнайы, жас кезінде басының пішінін өзгерткен (сур. 2).



2-сурет. Пішіні өзгертілген бас сүйек. Бурнооктябрьское, 2018 ж.
[Fig. 2. Artificially altered skull. Burnooktiabrskoe, 2018]

Тірі кісінің бас сүйегін қолдан өзгерту ғұрпы Қазақстанның оңтүстігінде I-II ғасырдан бастап қалыптасқан. Алдын ала жасалған сараптама тұжырымы жоғарыда көрсетілген радиоқөміртекті сараптама қорытындысымен сәйкес келеді. Екеуінің де мерзімделуі б.ж. II ғасыры. Кешенде тіршілік тоқтаған уақытты көрсетіп тұр (Талеев, Торбеков, 2020: 60). Олай болса, жоғарыда бетіндегі материалдарына қарап VI–VII ғғ. басталады деп мерзімделген 20-ға жуық ескерткіштің төменгі қабаттары ежелгі дәуірлермен, нақтырақ айтсақ қаңлы дәуірімен мерзімделуі әбден мүмкін екендігін ескермеуге болмайды. Сонымен қатар, Теріс-Аса алқабында Бурнооктябрьское қаласының типіне ұқсас яғни «алаңды төбелер» түріндегі ескерткіштердің оннан астамы бар екендігін ғарыштық түсірілімдерден көруге болады. Аса өзенінің бойында орналасқан Бұртыбай, Бүркітті, Әулиебастау, Тамды, Қаракөмер қалалары мен Қоңыртөбе қоныстарын зерттеушілер бетіндегі материалдарға сүйеніп, өмір сүрген мерзімі шамамен VI–VIII ғғ. басталады деп жазады (Байпаков, 2013: 207; Жамбыл облысы., 2010б, 63, 85, 112). Алайда, әр жылдары жарыққа шыққан ескерткіштер жинақтарында Теріс-Аса алқабындағы қоныстар мен қалалардың мерзімделуінде қарама-қайшылық кездеседі. Мысалы, Әулиебастау қаласы кейде VI–XIII ғғ. мерзімделсе (Жамбыл облысы., 2010б, 65), бірде IX–XII ғғ. (Археологическая карта., 1960: 270) деп көрсетіледі. А.Н. Бернштам Әулиебастауды «сарай іспеттес құрылыс» болған деп, VII–VIII ғғ. мерзімдейді (Труды., 1949: 120-121). Е.И. Агеева және Г.И. Пацевич Әулиебастау қаласын жазба деректегі Шауғар қаласымен баламалайды (Агеева, Пацевич, 1958: 144).


4. Зерттеу нәтижелері

Жазба деректер пайда болғанға дейінгі тарихты түгендеу негізінен археологиялық мұраларды зерттеу арқылы жүзеге асары сөзсіз. Сондықтан да адамзаттың тіршілік іздерін сақтаушы материалдық мәдениет мұралары, археологиялық ескерткіштерді іздеп тауып, зерттеу ісі XIX ғ. екінші жартысынан бастап жандана бастады. Ежелгі ескерткіштерді зерттеуге қызыққан бірқатар қоғамдық мекемелер құрылды. Солардың бірі белгілі шығыстанушы В.В. Бартольдтің ұйымдастыруымен Ташкентте құрылған «Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі» болатын. Осы жұмысын жандандыру мақсатында іссапармен 1893–1894 жж. Қазақстанның оңтүстік өңіріне келген В.В. Бартольд Теріс-Аса өзендерінің бойында болып, ондағы бірқатар ескерткіштер жайлы мәліметтер қалдырады. Ол Тараз қаласынан Испиджабқа қарай Ұлы Жібек жолының Теріс өзені арқылы өткен бөлігінде орналасқан ортағасырлық қалалардың бірнешеуіне соғып (Кремневка, Бурнооктябрьское), тарихи жазба деректердегі Мыңбұлақтың орналасқан жері Шақпақтағы бұлақтар болуы керек деген болжам жасаған. Сол жолы ол Теріс өзеннің бойында жатқан шағын үш қаланың орны жайлы айтып, серігі Дунин жасаған топографиялық сипаттаманы өз мақаласында келтіреді (Бартольд, 1966: 27). Осыдан кейін 1896, 1903 жж. Ұлы Жібек жолының Әулиеата мен Шымкент уезі шекарасына дейінгі бөлігінде зерттеу жұмыстарын жүргізген Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшесі В.А. Каллаур Әулиеата өңіріндегі ортағасырлық елді мекендер мен қалаларда болып, оларды аттары жазба деректерде аталған қалалармен баламалау мәселесін көтереді (Каллаур, 1897б: 18). В.А. Колосовский XX ғ. басында Қаратаудың теріскей бетінде болып, бірнеше ортағасырлық ескерткіштердің сипаттамасын бергенде, Саудақент қаласы да сөз болады (Колосовский, 1901: 89-97).



1938 ж. КСРО Материалдық мәдениет тарихы институтының Қазақстандық филиалы жанынан құрылған Жетісу археологиялық экспедициясы (А.Н. Бернштам) Аса өзені бойындағы Ақтөбе, Көктөбе (Төрткүл), Қаракемер, Төрткүл (Өрнектегі), Төрткүл (Майтөбедегі), Күйік асуы маңындағы төбешік, Тастөбе, Машақайтөбе қоныстары мен Әулиебастау, Бектөбе қалаларын ашып, олардың орналасқан жері мен көлемі жайлы ғылыми сипаттап жазады және олардың кейбіреулерінің мерзімделуін үстінен табылған археологиялық материалдар негізінде шамалап көрсетеді. Бектөбе қаласында кішігірім қазба жүргізеді (Труды..., 1949: 115-121). Сонымен қатар, осы жылы жарыққа шыққан «Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана» атты мақаласында ортағасырлық Тамды қаласы да сипатталады (Труды..., 1949: 59-99).


Кеңес үкіметі билікке келгеннен кейін құрылған Жамбыл археологиялық пунктiнiң директоры болған белгiлi археолог Г.И. Пацевич 1939 ж. Терiстiң бойындағы В.В. Бартольд айтқан қала орындарын тауып, толық өлшемдерi мен сипаттамасын жасап, мерзiмделуiн шартты түрде көрсетедi (Пацевич, 1940: 21-22). Анықталған қала орындарын зерттеушi сол кездегi елдi мекенiң атымен Бурнооктябрьское-1, Бурнооктябрьское-2, Бурнооктябрьское-3 деп құжаттаған. Г.И. Пацевичтiң сипаттауы бойынша бiрiншi қала ауылдан темiржол бекетiне апаратын жолдан 400 м, Терiс өзенiнiң арнасынан 200 м жерде деп бередi. Ал екiншi қала ауылдың оңтүстiк-батыс шетiндегi жолдың бойында. Үшiншi қала бiрiншi мен екiншi қаланың орта тұсында деп көрсеткен және үстiнен жиналған қыш ыдыстарға қарап, үш қала да шамамен VII–XII ғғ. аралығында өмiр сүрген деп болжаған. Г.И. Пацевич анықталған қала орындарының жобаларын қағаз бетiне түсiрiп, олардың сипаттамасын арнайы басылымда (монография) жариялайды (сур. 3. 1) (Агеева, Пацевич, 1958: 138-139). Өкiнiшке орай бұл күнде Г.И. Пацевич есепке алған екiншi және үшiншi қаланың орындары жойылып кеткен. Екiншi қаланың орны егiстiк аймағына айналса, үшiншi қала осы күнгi Терiс ауылының үй құрылыстары мен бау-бақшасы астында қалған. 2018 ж. осы аймақта Терiс археологиялық экспедициясы (ТАЭ) жүргiзген барлау жұмыстары кезiнде Г.И. Пацевич құжаттаған екi қаланың орны жойылып кеткенiн анықтайды. Егiстiк алқаптарын аралап, екiншi қала орналасқан аймақта қыш ыдыстардың сынықтары шашылып жатқанымен, ескерткiштiң ешқандай топографиялық бедерi сақталмағанын бақылау жұмыстары көрсетедi. Үшiншi қаланың да тағдыры осындай күйде. Ауыл адамдарының мәлiмдеуiнше, көптеген үйлердiң ауласынан, бақша орындарынан ыдыс сынықтары, күйдiрiлген кiрпiштер, тас қаландылары, құбыр сынықтары, құдықтың орны секiлдi көне қала белгiлiлерi жиi кездеседi екен. Жалпы қазiргi күнде Бурнооктябрьское-2 және 3 қалалары сақталмаған (сур. 4. 1-2). Олар туралы ғылыми мәлiмет беретiн кiшiгiрiм қазба салуға болады. Бiрақ, қала жайлы толыққанды тұжырымға негiз болатын кең көлемдегi зерттеу жүргiзу мүмкiндiгi жоқ.



3-сурет. 1 – Бурнооктябрьское-1 жоспары (Г.И. Пацевич бойынша); 2 – Бурнооктябрьское-1 қаласының жоспары (Д. Талеев, Е. Торбеков бойынша) [Fig. 3. 1 – Plan Burnooktyabrskoe-1 (By G.I. Patsevich); 2 – Plan Burnooktyabrskoe-1 (By D. Taleev, E. Norbekov)]



Осы күнгі Теріс ауылының шетінде, өзен арнасының оң жағасындағы биіктеу жерде сақталған Бурнооктябрьское-1 (Жылқышытөбе) үстінде орналасқан кейінгі дәуір жерлеулері (зират) болғаны себепті бұзылудан, жойылудан аман қалған. Жергілікті тұрғындар бұл төбені «Жылқышытөбе» деп атайды. Г.И. Пацевичтің сипаттауы бойынша: «Бурнооктябрьское-1 қаласы әртүрлі көлем мен биіктіктерден тұратын үш алаңқай мен негізгі төбеден құралған. Бірінші – оңтүстік алаңқайдың биіктігі қоршаған ортадан алғанда 2 м. көлемі солтүстіктен оңтүстікке қарай 27 м, батыстан шығысқа қарай 55 м. Екіншісі алғашқысынан бірсаты, 5,5 метрге биік жатыр. Яғни, қоршаған ортадан 7,5 метрге биік. Көлемі батыстан шығысқа қарай 50 м., солтүстіктен оңтүстікке қарай 20-23 м. Үшінші, негізгі бөліктің биіктігі 15,5 м. көлемі солтүстіктен оңтүстікке қарай 12 м., батыстан шығысқа қарай 18 м. Оның орталығы батысқа қарай жақын орналасқандықтан, шығыс беті едәуір көлбеу келген. Төбенің солтүстік шетіндегі тік келген бөлігінің төменгі жағына төртінші алаңқай келіп қосылады. Оның биіктігі қоршаған ортадан аса көп биік емес. Көлемі батыстан шығысқа қарай 90 м, солтүстіктен оңтүстікке қарай 70 м. алаңқайды үш жағынан биіктігі 0,3-0,5 м болатын кішігірім жал қоршап жатыр. Қалған алаңқайларды қоршаған жалдың іздері сақталмаған. Қаланың жалпы көлемі 160x100 м. Қалада арнайы қазба жұмыстары жүргізілмеген». Автор ескерткіштің үстінен жиналған ыдыс сынықтарының сипатына қарай оны шамамен VII–X ғғ. аралығымен мерзімдейді (Пацевич, 1948: 21-22; Агеева, Пацевич, 1958: 138-139).



4-сурет. 1 – Бурнооктябрьское-2 жоспары; 2 – Бурнооктябрьское-3 жоспары (Г.И. Пацевич бойынша)
[Fig. 4. 1 – Plan Bournooktyabrskoe-2; 2 – Plan Bournooktyabrskoe-3 (By G.I. Patsevich)]

Г.И. Пацевич Жамбыл (қазіргі Тараз) қаласынан Қаратау қаласына дейінгі аралықтағы темір жолдың бойына археологиялық барлау-іздірету жұмыстарын жүргізіп, бірқатар ортағасырлық ескерткіштер туралы мәліметтерді жазып қалдырған. Оның ішінде Билікөлдiң солтүстік-батысы мен шығысы немесе Аса өзенінің орта ағысында (сол жағалауы) орналасқан Төрткүлтөбе және Қоңыртөбе қоныстары сөз болады (Пацевич, 1940: 2, 14).

Ә.Х. Марғұлан Қаратаудың солтүстік беткейіндегі VIII–XIII ғғ. мерзімделетін ескерткіштерді зерттеуде, құм жақта орналасқан Саудақент қаласына да тоқталады (Марғұлан, 1948: 112-113).

Е.И. Агееваның 1950 ж. жариялаған «Керамика городов и поселений среднего течения Сырдарьи и Каратау» атты мақаласында Саудақент және Тамды қалаларының да керамикасы сөз болып, мерзімделуіне қатысты салыстырмалы мәліметтер келтіріледі (Агеева, 1950: 101, 118).

Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтің 1958 ж. жариялаған «Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана» атты монографиясында Теріс-Аса алқабында орналасқан Әулиебастау қаласы, Тамды, Атауы жоқ қала, бекіністі қоныс, Бурнооктябрьское және Кремневский қалалары сөз болады (Агеева, Пацевич, 1958: 137-143). Авторлар Кремневский төрткүлінде тіршілік X–XI ғғ. тоқтаған деп тұжырым жасайды.



1960 ж. жарияланған «Қазақстанның археологиялық картасы» жинағына Теріс-Аса алқаптарында орналасқан 10 ескерткіш (Әлиебастау, Кішімүрде, Қаракемер, Саудакент, Тамды, Бекіністі қоныс, Мүрделітөбе, Көлтоған, Бурнооктябрьское және Кремневский) енген (Археологическая карта..., 1960: 239-279).

1960 ж. С. Волиннің жариялаған «Сведения арабских источников IX–XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах» мақаласында Теріс өңіріне қатысты жер атаулары мен қала аты кездеседі. Автор ибн Хордадбектің еңбегінен: «...В Абарджадже холм, вокруг которого тысяча источников, текущих на восток, которые называются Баркуаб, т.е. обратнотекущая вода, там охотятся на черных фазанов» деген мәліметті келтірген (Волин, 1960: 74). Абарджадж атауы Кудама ибн Джафардың жазбасында да айтылып өткен (Волин, 1960: 76). В.В. Бартольд өз кезегінде Н.А. Северцовтың «Мыңбұлақ» атауын Сюань Цзянның «...«1000 источников» в 400 ли к западу от Чу и 140-150 ли к востоку от Таласа» (Бартольд, 1966: 26-27) деген дерегіне сүйеніп, «Әулиеатадан шығысқа қарай орналасқан қандай да бір жер атауы болуы мүмкін» (Северцов, 1947: 41-42) деп жазған пікірін қолдамайды (Бартольд, 1966: 26-27). Керісінше, ибн Хордадбектің дерегіне сүйеніп, «Мыңбұлақтың» Теріс өзенінен батыста орналастырады (Бартольд, 1966: 113). Ал, Баркуаб атауын («кері қарай ағатын су») Теріс өзенімен сәйкестендірген (Бартольд, 1966: 27). В.В. Бартольд Теріс өзенінің қазіргі Шақпақ ауылы тұсынан басталатын аңғарын/бастауын жазба деректегі «Мыңбұлақ» деген қорытынды жасайды (Бартольд, 1966: 113). Бірақ В.В. Бартольдтың бұл пікірін В.А. Каллаур «Мыңбұлақ» атауын Шақпақ бұлақтарымен жаңылыс баламалады деп жазады (Бахтыбаев, 2011: 163). К.М. Байпақов «Мыңбұлақ» атауының әлі күнге дейін сақталғанын негізге ала отырып, Бурнооктябрьское елді мекенінің аумағында бір ғана ескерткіш бар екенін, оның мерзімі VI–XII ғғ. мерзімделетін және жазба деректегі Абарджадж атауымен сәйкестендіруге болатынын айтып өткен (Байпақов, 1986:24). Автор Бурнооктябрьское қаласын «Баркуабтағы бекет» деп түсіндірген (Байпақов, 1986: 128). Г.И. Пацевич те өз кезегінде В.В. Бартольдқа сілтеме жасай отырып, жазба деректегі Баркуабтағы бекетті Бурнооктябрьскоедегі үш қаланың біреуі болуы мүмкін деп көрсетеді (Агеева, Пацевич, 1958: 143). Г.И. Пацевич өзінің «По древним караванным путям от г. Тараза до Испиджаба» жазбасында: «...В 4-5-ти километрах к Северу от холма («от холма» – бұл жерде қазіргі Шақпақ ата ауылының солтүстік іргесіндегі биік (60 м) табиғи төбе сөз болып отыр – авторлар), находился русский поселок, называвшийся «Тысяча ключей». Поселок этот с переходами жителей в колхоз, в настоящее время ликвидирован» (Пацевич, 1940: 34). Г.И. Пацевич мысалға келтірген колхоздың орналасқан жерінде Мүрдетөбе атты ескерткіш бар (Жамбыл облысы..., 2013: 186). Аталған қала туралы мәліметтер 1982 (Алипчиев, Байбосынов, 1982: №123), 2002 (Байбосынов, 2002: 164) және 2013 жж. жарыққа шыққан Жамбыл облысының ескерткіштер жинағында кездеседі. Ескерткіш бетінен жинап алынған материалдар VIII–XII ғғ. мерзімделген. Г.И. Пацевичтің пікірінше Ибн Хордадбектің жазбасындағы топографиялық сипаттама және Абарджадж атауы қазіргі Шақпақ ата ауылы орналасқан аймаққа толық сәйкес келеді. Автор бұл пікірін жазба деректегі «...В Абарджадже холм, вокруг которого тысяча источников...» деген мәліметтерге сүйеніп жасаған. Жоғарыда өзі сипаттаған қазіргі Шақпақ ата ауылының іргесіндегі үлкен төбенің жазба деректегі биік төбе (холм) екендігін айта келе, оның үстінен айнала толық көрінетіні және көптеген су көздерінің орналасқанын, әрі олардың Теріс өзеніне құятынын жазады (Пацевич, 1940: 37). Г.И. Пацевич жазба деректегі Абарджадж атауын В.А. Каллаурдың (Каллаур, 2011: 78-85) Құлан асуындағы қаланың орнымен сәйкестендіргеніне келіспейді (Агеева, Пацевич, 1958: 143). С. Волин аудармасындағы Кудама ибн Джафардың жазбасы Г.И. Пацевичтің тұжырымдарын растайтын секілді. Мысалы, ибн Хордадбекте: «...В Абарджадже холм, вокруг которого тысяча источников, текущих на восток, которые называются Баркуаб» деп жазылса (Волин, 1960: 74), Кудама ибн Джафарда: «...Этот Абарджадж большой холм, вокруг которого тысяча источников, воды собираются в одну реку, которая течет на восток и называется по этому Баркуаб; перевод его (его названия) обратнотекущая вода, потому что течение его снизу вверх. От Абарджаджа до станции 6 фарсахов по Баркуабу...» (Волин, 1960: 76-77). Г.И. Пацевич Абарджадж атауын сәйкестендіретін Шақпақ ата ауылы маңында Кремневский төрткүлінен басқа ескерткіш жоқ екенін айта келе, ауыл ақсақалдарының үйлердің ауласынан қыш ыдыс сынықтарын тауып алатынын негізге ала отырып: «... что свидетельствует о том что на месте современного



поселка было древнее поселение» деп тұжырым жасайды (Пацевич, 1940: 37). К.М. Байпаков кейінгі зерттеулерінде Мыңбұлақ атты жер атауын қазіргі Шақпақ ата (бұрынғы Кремневка) ауылы маңайында деп көрсетеді (Байпаков, 2013: 45). «Мыңбұлақ» атауымен белгілі жер атауына қатысты ғылыми ой-тұжырымдардың ішінде Г.И. Пацевичтің пікірі ерекше назар аудартады. Автор сипаттаған биік төбе қазіргі Шақпақ ата ауылының солтүстігінде (тура іргесінде) орналасқан. Таудың етегінде жеке орналасқан мұндай биік төбе бұл өңірде кездеспейді. Яғни жазба деректегі Абарджадж нақты қала атауы емес, жер атауы болуы да мүмкін. Ең биік төбе жазба деректердің барлығында негізгі нысан ретінде айтылған. Оның үстінен айналаның барлығы анық көрінеді және төбенің маңайынан өтетін ірілі-ұсақты өзен-сулардың барылығы да Теріс өзеніне барып құяды.

1978 ж. Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің археологиялық экспедициясы (К. Байбосынов) Теріс-Аса өзендері бойында археологиялық іздеу және барлау жұмыстарын жүргізіп, бұрын ғылымға белгілі және белгісіз 44 ортағасырлық ескерткіштерді есепке алып, оларды «Свод памятников истории и культуры Джамбулской области» атты жинақта жариялады. Олар антикалық дәуірден бастап, кейінгі орта ғасырға дейінгі уақыттағы қоныстар, қалалар, бекіністер мен күзет мұнараларының орындары болатын. Сонымен қатар ғылымға белгілі бірқатар ортағасырлық қала мен қонысқа қайта зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Осы сапар барысында Терістің бойындағы Бурнооктябрьское қалаларының тек біріншісі ғана (Бурнооктябрьское-1) айтылған жинаққа енеді (Алипчиев, Байбосынов, 1982: 57). Қалған екеуі сол кездің өзінде жойылып кеткен болатын.

1973 ж. Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедицияның Қаратау тобы Б. Момышұлы ауылынан 27 км солтүстік-шығыста, Теріс өзенінің сол жағасында, Қаратаудың оңтүстік-шығыс беткейіндегі жартасқа салынған сурет орнын ашып, зерттелген әр шатқалда 80-100 ден 500-700 дейін салынған суреттер бар екендігін анықтайды (Кадырбаев, Марьяшев, 1977: 142-152).

К.М. Байпаковтың кейінгі зерттеулерінде де Аса алқабында орналасқан Қаракемер 1-2 қалалары туралы жазылған (Байпаков, 2013: 207).

Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының экспедициясы 1987–1989 жж. Жамбыл облысында археологиялық барлау жұмыстарын жүргізеді. Барлау барысында Теріс-Аса бойындағы бұрын ғылымға белгісіз бірнеше қала жұрттары мен бекініс орындары ашылып, мемлекеттік тіркеуге алынады.

1988 ж. Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы Жуалы ауданындағы Қоңыртөбе ауылынан 2 км оңтүстікте, Қыстаубай шатқалына кіреберісте орналасқан биік төбені тауып, оны есепке қарауыл мұнарасы деп алған (Қазақстан..., 2002: 166). 2006 жылы осы ескерткіште қайта зерттеу жүргізген М. Елеуов оның елді мекеннің орны екендігін анықтаған (Қаратаудың..., 2006: 10).

2000 ж. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштері Жинағының археологиялық экспедициясы (К. Байпаков) Жуалы ауданында зерттеу жұмыстарын жүргізген кезде Теріс өзенінің жағасындағы Бурнооктябрьское, Кремневка, Мүрделітөбе қалаларын, Берікқара обалар қорымын қайта зерттеп, олардың тарихи-топографиялық құрылысына толықтау жасады (Қазақстан..., 2002: 157-158).

2006 ж. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Археология ғылыми-зерттеу орталығының Тұран археологиялық экспедициясы (ТАЭ, жетекшісі т.ғ.д. М. Елеуов) «Қаратаудың археологиялық ескерткіштері» ғылыми жобасын іске асыру мақсатымен Теріс (Аса) өзенінің сол жағасынан бастап, оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай 400 км-ге созылып жатқан Қаратаудың оңтүстік-шығысында жатқан Жамбыл облысының Жуалы ауданында және осы таудың теріскей бетінде орналасқан Жамбыл, Талас, Сарысу аудандарының тауаралық, тауалды жазықтарды жүргізді. Зерттеу барысында 26 ортағасырлық елді мекен мен қала орындары, 5 тасқа салынған сурет орны жаңадан ашылып, мемлекеттік тіркеуге алынады (Қаратаудың..., 2006: 153).

2009-2011 жж. аралығында «Археолог» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығының экспедициясы Билікөлге құятын Тамды өзенінің оң жағасында орналасқан ортағасырлық Тамды қаласының солтүстік-батыс бұрышына солтүстік қабырғасын жағалай қазба жұмыстарын жүргізеді. Зерттеу барысында қабырғалары айтарлықтай жақсы сақталған бірнеше бөлме орындарын ашады (Елеуов, 2009; 2010; 2011)



2011 ж. Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институтының Е.А. Смағұлов басқарған экспедициясы Бектөбе қаласында кең көлемдегі далалық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу барысында ескерткіштің тарихи топографиясы жасалды. Осы жерде айта кететін нәрсе зерттеуші Бектөбені сыртқы топографиялық ерекшелігіне қарай «алаңды төбелер» қатарына жатқызған. Біздің пікірімізше хронологиялық және көлемі жағынан да «алаңды төбе» қатарына жатпайды. Бұл кәдімгі үш бөліктен тұратын ортағасырлық қаланың орны. Ескерткіштің жеті жерінен салынған қазба нәтижелері қала өмірі жайлы құнды мәліметтер берді. Зерттеу барысы қаланың қарқынды дамыған уақыты X–XI ғғ. аралығы болғанын көрсетті (Смағұлов, 2011: 19-48). Бұл да қаланың нақты мерзімделуі деп айтуға болмайды.

2009–2010 және 2013-2014 жж. аралығында Теріс-Аса алқаптарындағы мәдени ландшафтыда орналасқан қоныстар мен қалалар «Археологиялық сараптама» ЖШС Ескерткіштер жинағы экспедициясы тарапынан қайта зерттеуге түсіп, қазіргі сақталу жағдайлары, өлшемдері, гео-координаттары анықталып, топографиялық жоспарлары беріледі. Аталған экспедиция 2009 жылы Талас ауданында зерттеу жүргізіп, нәтижесінде Теріс-Аса алқабында орналасқан 6 ортағасырлық қоныс, төрткүл және қаланың (Тамды қаласы, Төрткүлдер, Төрткүлтөбе мекенжұрты, Ақтөбе қонысы және Қоңыртөбе) сипаттамасы беріледі (Жамбыл обл., 2010 а: 58-191).

2010 ж. Жамбыл ауданы бойынша барлау-іздігіру жұмыстары жүргізіліп, Теріс өзенінің төменгі ағысы мен Аса өзенінің «жоғарғы» және орта ағысында орналасқан 9 ортағасырлық қала және қоныс орындарының жай-күйі анықталады (Жамбыл облысы., 2010 б: 59-131).

2013 ж. Жуалы ауданы бойынша жүргізілген зерттеулер барысында Теріс алқабында орналасқан 20-дан астам бұрыннан белгілі және жаңадан ашылған мұнара, төбе, қоныс, төрткүл және қала орындарының сипаттамасы беріледі (Жамбыл облысы., 2013: 75-260).

2017 ж. Теріс ауылының жеке шаруашылық қожалығы ауыл аумағында құрылыс жүргізу жұмыстары барысында қаланың мәдени қабаттарын анықтайды. Құрылыс тоқтатылып, осы жерге 2018 ж. мамандар тартылып қазба жұмыстарын (жет.: Ғ. Бексеитов) жүргізеді. Жүргізілген қазба жұмыстарынан X–XII ғғ. жататын құрылыс қабырғаларының қалдықтарын (қыш кірпіш сынықтары да бар) ашады (Бексеитов және т.б., 2018: 233-243). Бұл ескерткіш жоғарыда аты аталған Бурнооктябрьское-2-3 қалаларының бірінің орны болуы мүмкін. Себебі, Бурнооктябрьское-1 қаласынан 1,5 км оңтүстік-батыста, ауыл ішіндегі жолдың бойында жатыр.


2018-2021 жж. Ә.М. ат. Археология институты (Д.А. Талеев) Бурнооктябрьское-1 (Жылқышытөбе) қаласында қазба жүргізеді (сур. 3, 2). Қазақстан археологиясының ортағасырлық қала орындары (қалашықтар) мен қоныс (мекенжай) орындарын типологиялық және хронологиялық тұрғыдан зерттеу тәжірибелері көрсеткендей қазба жүргізілген Жылқышытөбе «алаңды төбелер» қатарына жатады. Хронологиялық жағынан мұндай төбелер антикалық дәуірге (қаңлы заманына) сәйкес келеді. Қазба нәтижелері төбенің кезінде егінші қауым тұрған екі қабатты тұрғын үй кешенінің орны болғандығын көрсетті. Ондай тұжырым жасауға қазбадан табылған археологиялық жәдігерлерді олардың ғылымда белгілі нұсқаларын тауып салыстыру жүргізу көмектесті. Алғашқы екі жылғы қазба кезінде кешеннің үстіңгі қабатындағы 6 бөлме, төменгі қабаттағы екі бөлме ашылды. Өкінішке орай жоғарғы қабаттағы бөлмелердің қалған бөлігі сол заманның өзінде бізге белгісіз себептер салдарынан бұзылып кеткен. Алғашқы жылғы қазба кезінде бөлме ішінен алынған жанған ағаштың көмір қалдығына жасалған сараптама қорытындысы кешеннің уақытын анықтауға мүмкіндік берді. Сараптама (F14C) көрсетуі бойынша көмірдің конвенциональды жасы 1837 ж., яғни б.ж. 180 жылы (II ғ.). Сараптама нәтижесі жайлы кесте төменде берілді (кесте 1; сур. 5). Бұл сараптама ғимарат өртенген кезде оның ішінде пайда болған көмірдің жасы. Олай болса кешен көмір қалғаннан едәуір бұрын салынған. Зертханалық сараптама нәтижесі біздің шартты мерзімдеуімізді толық растайды.



Код	Конвенциялық жасы	±	F14C	±	Күнтізбелік жасы (б.з.д.–б.з.) (калибірлік)	Ескерткіш	Материал
JKaz-18	1837	23	7956	00 023	92-98 (0,9%) cal AD 125-241 (94,5%) cal AD	Бурнооктябрьское	Ағаш көмірі

1-кесте. Оттава университетінің А.Е. Лалонде атындағы Тездеткіш масса-спектрокопия зертханасында (Канада) ағаш көмірінің уақытын анықтайтын сараптаманың кестесі

[Table 1. Table of wood coal timing examination at the A. E. Lalonde accelerating mass spectroscopy Laboratory at the University of Ottawa (Canada)]



5-сурет. Бурнооктябрьское-1. F14C сараптамасы бойынша ағаш көмірінің конвенциональды жасы [Fig. 5. Burnooktyabrskoe-1. Conventional age of wood coal according to f14c examination]

5. Қорытынды. Теріс және Аса алқабында орналасқан ескерткіштердің зерттелу тарихына жүргізілген хронологиялық шолуда, ескерткіштердің көп жағдайда жалпы тізімін алу мақсатында зерттеу нысанына айналғанын аңғармау қиын емес. Белгілі бір тарихи кезеңнің ішкі мәселелері ескеріліп, арнайы археологиялық қазба жүргізілгендері саусақпен санарлық. Сирек жағдайда археологиялық қазба жүргізілген ескерткіштердің өзі, бұл аймақтағы қала мәдениетінің дамуында тарихи-хронологиялық сабақтастық болғанын көрсетіп отыр. Олай болса, Теріс-Аса алқаптарындағы мәдени ландшафтта орналасқан қоныстық ескерткіштердің ежелгілері біздің заманымыздың басына жатса, ал, ерте және дамыған орта ғасырларға жататын қоныстар мен қалалардың кейінгілері өмір сүруін моңғол кезеңіне дейін екендігін көрсетті. Бұл қазба жұмыстары жүргізілген ескерткіштерден алынған мәліметтер бойынша беріліп отыр. Қоныстық ескерткіштер көбінде қаңлы кезеңдеріне тура келеді. Теріс-Аса алқаптары, әсіресе Теріс алқабы оңтүстік пен солтүстікті, яғни Орта Азиялық мәдениеттерді жалғастырушы аймақтардың бірі болғандықтан, сонымен бірге қаңлы мәдениетінің солтүстік шекарасы Талас өңірі деп есептейтін болсақ, өңірдегі қоныстық ескерткіштерді зерттеу маңызды болып отыр. Қазақстан археологиясында қаңлы мәселесі әлі күнге толық шешімін таппаған, даулы тақырып екендігі белгілі. Антикалық кезең мен дамыған орта ғасырларды жалғастыратын көпір іспеттес, мерзімі жағынан сабақтас келетін түркі дәуірінің ескерткіштерінің зерттелуі де толыққанды деуге келмейді. Осы тұрғыдан алғанда, алдағы



зерттеулерде Теріс-Аса алқаптарында шоғырланған ескерткіштердің қаңлы-түркі кезеңдеріне жақын келуін ескеріп, өзара сабақтастық тұрғысынан зерттеу керек.

Әдебиеттер тізімі

Агеева, 1950 - *Агеева Е.И.* Керамика городов и поселений среднего течения Сырдарьи и Каратау // *Известия АН КазССР. Серия археологическая.* 1950. № 67. Вып. 2. С. 100-118.

Агеева, 1958 - *Агеева Е.И., Пацевич Г.И.* Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // *Труды института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Серия археология.* 1958. Т. 5. 296 с.

Алипчиев, 1982 - *Алипчиев И.С., Байбосынов К.* Свод памятников истории и культуры Джамбулской области. Джамбул: Джамбулский областной историко-краеведческий музей, 1982. 208 с.

Археологическая карта, 1960 - Археологическая карта Казахстана. Реестр. / Отв. ред. К.А. Акишев. Алма-Ата, Издательство АН Каз ССР, 1960. 498 с.

Байбосынов, 2002 - *Байбосынов Қ.* Мүрдетебе қалажұрты. // Қазақстан Республикасы тарихы мен мәдениеті Ескерткіштерінің жинағы. Жамбыл облысы. Алматы, РМК «ММЕ ҒЗИ», 2002. 164 б.

Байпаков, 2013 - *Байпаков К.М.* Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Книга II. Урбанизация Казахстана в IX – начале XIII в. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2013. 514 с., илл.

Байпаков, 1986 - *Байпаков К.М.* Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. Алма-Ата: Наука, 1986. 255 с.

Бартольд, 1966 - *Бартольд В.В.* Отчет о поездке Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг. // Сочинения. Т. IV. Москва: Наука, 1966. 497 с.

Бартольд, 1897 - *Бартольд В.В.* Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг. – Санкт-Петербург, Типография Императорской академии наук, 1897. 198 с.

Бахтыбаев, 2011 - *Бахтыбаев М.М.* В.А. Каллаурдың Әулиеата уезінің тарихи-топографиясын зерттеуге қосқан үлесі // *ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы.* 2011. № 3. 160-167 бб.

Бексеитов, 2018 - *Бексеитов Ғ.Т., Ақымбек Е.Ш., Оспанов Е.Б., Сатаева Б.Е.* Ортағасырлық Бурнооктябрьск қаласында 2018 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмысы // «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / жауапты ред. Ғ.Қ. Омаров. Алматы: Қазақ университеті, 2018. 507 б. 233-243 бб.

Волин, 1960 - *Волин С.* Сведения арабских источников IX-XVI вв. в долине реки Талас и смежных районах // *Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР.* Т. 8. 1960. С. 72-92.

Елеуов, 2009 - *Елеуов М.* Ортағасырлық Тамды қаласы, ғылыми-зерттеу жұмысының есебі // М. Елеуовтің жеке архиві. Алматы, 2009. 45 б.

Елеуов, 2010 - *Елеуов М.* Ортағасырлық Тамды қаласындағы археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары. Есеп // М. Елеуовтің жеке архиві. Алматы, 2010. 47 б.

Елеуов, 2011 - *Елеуов М.* Ортағасырлық Тамды қаласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары. Есеп // М. Елеуовтің жеке архиві. Алматы, 2011. 80 б.

Жамбыл облысы 2010б - Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Жамбыл ауданы / Жауапты ред. К.М. Байпаков. Алматы, Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы, 2010. 212 б.

Жамбыл облысы, 2013 - Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Жуалы ауданы. / Жауапты ред. К.М. Байпаков. Алматы, Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы, 2013. 290 б.

Жамбыл облысы, 2014б - Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Сарысу ауданы. / Жауапты ред. К.М. Байпаков. Алматы, Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы, 2014. 184 б.

Жамбыл облысы 2010а - Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Талас ауданы. / Жауапты ред. К.М. Байпаков. Алматы, Археологическая экспертиза, 2010. 223 б.

Жамбыл облысының 2014а - Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы / Құраст.: З. Құламанова. Алматы: Арыс, 2014. 808 б.

Каллаур 1897а - *Каллаур В.А.* Археологическая поездка по Аулиеатинскому уезду // *Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии.* Ташкент: типолитография торгового дома Ф. и Г.Бр. Каменские, 1897. С. 1-7.

Каллаур 2011 - *Каллаур В.А.* Древние местности Аулиеатинского уезда на старом караванном пути из Тараза (Таласа) в восточной Туркестан // *Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Историко-культурные памятники Казахстана / Авторы предисловия и составители Елеуов М., Бахтыбаев М.М.* Туркестан: Туран, 2011. С. 78-85.



Каллаур 18976 - *Каллаур В.А.* Древние местности Аулие-Атинскому уезду на древнем караванном пути на западе от Аулие-Ата к границе Чимкентского уезда // *Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии.* Ташкент: типолитография торгового дома Ф. и Г. Бр. Каменские, 1897. С. 36-37.

Колосовский, 1901 - *Колосовский В.А.* В Каратавских горах Чимкентского уезда // *Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии.* Ташкент: типолитография торгового дома Ф. и Г. Бр. Каменские, 1901. С. 89-97.

Қадырбаев, 1977 - *Қадырбаев М.К., Марьяшев А.Н.* Наскальные изображения хребта Каратау. Алма-Ата: Наука, 1977. 232 с.

Қазақстан Республикасының, 2002 - Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштері Жиынтығы. Жамбыл облысы. Алматы: РМК «ММЕ ҒЗЖИ», 2002. Т. 2. 364 б., карталар, ил.

Қаратаудың археологиялық ескерткіштері, 2006 - Қаратаудың археологиялық ескерткіштері ғылыми жобасының 2006 жылғы есебі // М. Елеуовтың жеке архиві. 2006. 155 б.

Маргулан, 1948 - *Маргулан А.Х.* Оседлые поселения VIII-XIII вв. на северных склонах Каратау // *Известия АН КазССР. Серия археологическая.* 1948. № 46. Вып. 1. С.112-113.

Пацевич, 1940 - *Пацевич Г.И.* Археологические памятники междуречья Талас–Арысь (по древним караванным путям от Тараза до Испиджаба). 1940 // Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана. Ф. 2. Д. 39. 85 л.

Пацевич - *Пацевич Г.И.* Отчет о результатах археологической разведки в джувалинском районе Южно-Казахстанской области // Архив Института археологии им. А. Х. Маргулана. Ф. 2. Д. 29. 187 л.

Пацевич, 1948 - *Пацевич Г.И.* Отчет об археологической разведке в Джувалинском районе Южно-Казахстанской области в 1939 г. // *Известия АН Каз ССР. № 46. Серия археологическая.* Вып. 1. 1948. С. 92-97.

Северцев, 1947 - *Северцев Н.А.* Путешествия по Туркестанскому краю. Москва: ОГИЗ Государственное изд-во географической литературы, 1947. 468 с.

Смагулов, 2011 - *Смагулов Е.А.* Археологические научно-исследовательские работы на городище Бектобе в 2011 г. // Архив Института археологии им. А. Х. Маргулана. Оп. 53. Д. 3039. 144 с.

Талеев, 2020 - *Талеев Д.Ә., Торбеков Е.С.* Бурнооктябрьск (Жылкышытөбе) қалашығында 2018-2019 жылдары жүргізілген зерттеулер // *Қазақстан археологиясы.* № 2 (8) 2020. 50-64 бб.

Труды Семиреченской, 1949 - Труды Семиреченской археологической экспедиции 1936-1938 гг. Таласская долина. / Составлены под. общ. ред. проф. А.Н. Бернштама. Материалы и исследования по археологии Казахской ССР. Алма-Ата, Издательство АН Каз ССР, 1949. Т. I. 229 с.

References

Ageeva, 1950 - *Ageeva E.I.* Ceramics of cities and settlements of the middle reaches of the Syrdarya and Karatau. *Izvestia of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. The series is archaeological.* 1950. Nr 67. Iss. 2. Pp. 100-118. (In Rus.)

Ageeva, Patevich, 1958 - Ageeva E.I., Patevich G.I. From the history of settled settlements and cities of Southern Kazakhstan. *Proceedings of the Institute of History, Archeology and Ethnography of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Archaeology series.* 1958. Vol. 5. 296 p. (In Rus.)

Alipcheev, Baibosynov, 1982 - *Alipcheev I.S., Baibosynov K.* A set of historical and cultural monuments of the Dzhambul region. Dzhambul: Dzhambul Regional Museum of Local Lore, 1982. 208 p. (In Rus.)

Archaeological map, 1960 - Archaeological map of Kazakhstan. Registry. / K.A. Akishev (ed). Alma-Ata, Publishing House of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1960. 498 p. (In Rus.)

Baibosynov, 2002 - *Baibosynov K.* Murdetobe settlement. // Collection of monuments of history and culture of the Republic of Kazakhstan. Zhambyl region. Almaty, Research Institute of MME, 2002.164 p. (In Kaz.)

Bakhtybayev, 2011 - Bakhtybayev M.M. Contribution of V.A. Kallaur to the study of the historical and topography of Aulieata County. *Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Social Sciences series.* 2011. Nr 3. Pp. 160-167. (In Kaz.)

Баупаков, 2013 - *Баупаков К.М.* Ancient and medieval urbanization of Kazakhstan (based on the research materials of the South Kazakhstan complex archaeological expedition). Book II. Urbanization of Kazakhstan in the IX – beginning of the XIII century. Almaty: A.H. Margulan Institute of Archaeology, 2013. 514 p., fig. (In Rus.)

Баупаков, 1986 - Баупаков К.М. Medieval urban culture of Southern Kazakhstan and Semirechye. Alma-Ata: Nauka, 1986. 255 p. (In Rus.)

Bartold, 1966 - Bartold V.V. Report on a trip to Central Asia with a scientific purpose 1893-1894. *Essays.* Vol. IV. Moscow: Nauka, 1966. 497 p. (In Rus.)



- Bartold, 1897 - Bartold V.V. Report on a trip to Central Asia for scientific purposes 1893-1894. St. Petersburg, Printing House of the Imperial Academy of Sciences, 1897. 198 p. (In Rus.)
- Bekseitov et al, 2018 - Bekseitov G. T., Akylbek E. Sh., Ospanov E. B., Sataeva B. E. Archaeological excavations in 2018 in medieval Burnooktyabrsk // Materials of "IX Orazbayev readings" / G.K. Omarov (ed). Almaty: Kazakh University, 2018. 507 p. Pp. 233-243. (In Kaz.)
- Bernshtam (ed.), 1949 - The works of the Semirechensk archaeological expedition of 1936-1938. Talas Valley / A.N. Bernshtam (ed). Materials and research on the archeology of the Kazakh SSR. Alma-Ata, Publishing House of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1949. Vol. I. 229 p. (In Rus.)
- Collection, 2002 - Collection of historical and cultural monuments of the Republic of Kazakhstan. Zhambyl region. Almaty: RSE "MME Research Institute", 2002. Vol. 2. 364 p., maps, il. (In Kaz.)
- Collection, 2010 - Collection of historical and cultural monuments of Zhambyl region. Zhambyl district / K.M. Baypakov (ed). Almaty: Directorate for the protection and restoration of historical and cultural monuments, 2010. 212 p. (In Rus.)
- Collection, 2013 - Collection of historical and cultural monuments of Zhambyl region. Zhualy district. / K.M. Baypakov (ed). Almaty: Directorate for the protection and restoration of historical and cultural monuments, 2013. 290 p. (In Rus.)
- Collection, 2014 - Collection of historical and cultural monuments of Zhambyl region. Sarysu district. / K.M. Baypakov (ed). Almaty: Directorate for the protection and restoration of historical and cultural monuments, 2014. 184 p. (In Rus.)
- Collection, 2010a - Collection of historical and cultural monuments of Zhambyl region. Talas district. / K.M. Baypakov (ed). Almaty: Directorate for the protection and restoration of historical and cultural monuments, 2010a. 223 p. (In Rus.)
- Eleuov, 2009 - Eleuov M. Medieval city of Tamdy, report of research work // Personal archive of M. Eleuov. Almaty, 2009. 45 p. (In Kaz.)
- Eleuov, 2010 - Eleuov M. Archaeological research work in the medieval city of Tamdy. Report // Personal archive of M. Eleuov. Almaty, 2010. 47 p. (In Kaz.)
- Eleuov, 2011 - Eleuov M. Research work in the medieval city of Tamdy. Report // Personal archive of M. Eleuov. Almaty, 2011. 80 p. (In Kaz.)
- Kulamanova, 2014 - *Kulamanova Z.* (comp.). Toponymic directory of Zhambyl region. Almaty: Arys, 2014. 808 p. (In Kaz.)
- Kallaur, 1897a - *Kallaur V.A.* Archaeological trip to Aulieata uyezd // Protocols of the Turkestan circle of archeology lovers. Tashkent: typolithography of the trading house F. and G. Br. Kamenskiye, 1897. Pp. 1-7. (In Rus.)
- Kallaur, 2011 - Kallaur V.A. Ancient localities of Aulieata district on the old caravan route from Taraz (Talas) to East Turkestan // Minutes of meetings and reports of members of the Turkestan circle of archeology lovers. Historical and cultural monuments of Kazakhstan / Eleuov M., Bakhtybaev M.M. (comp.). Turkestan: Turan, 2011. Pp. 78-85. (In Rus.)
- Kallaur, 1897b - Kallaur V.A. Ancient localities of Aulie-Ata uyezd on the ancient caravan route in the west from Aulie-Ata to the border of Chimkent uyezd // Protocols of the Turkestan circle of archeology lovers. Tashkent: typolithography of the trading house F. and G. Br. Kamenskiye, 1897. Pp. 36-37. (In Rus.)
- Kolosovsky, 1901 - Kolosovsky V.A. In the Karatau mountains of the Chimkent district // Protocols of the Turkestan circle of archeology lovers. Tashkent: typolithography of the trading house F. and G. Br. Kamenskiye, 1901. Pp. 89-97. (In Rus.)
- Kadyrbayev, Maryashev, 1977 - Kadyrbayev M.K., Maryashev A.N. Rock carvings of the Karatau ridge. Alma-Ata: Nauka, 1977. 232 p. (In Rus.)
- Margulan, 1948 - Margulan A.H. Settled settlements of the VIII-XIII centuries on the northern slopes of Karatau. *Izvestia of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. The series is archaeological.* 1948. Nr 46. Iss.1. Pp. 112-113. (In Rus.)
- Patsevich, 1940 - Patsevich G.I. Archaeological sites of the Talas–Arys interfluve (along the ancient caravan routes from Taraz to Ispidzhab). 1940 // Archive of the Institute of Archeology named A.H. Margulan. F. 2. C. 39. P. 85. (In Rus.)
- Patsevich, 1871 - Patsevich G.I. Report on the results of archaeological exploration in the Juvalinsky district of South Kazakhstan region // Archive of the Institute of Archeology named A.H. Margulan. F. 2. C. 29. 187 l. (In Rus.)
- Patsevich, 1948 - Patsevich G.I. Report on archaeological exploration in the Juvalinsky district of South Kazakhstan region in 1939. *Izvestiya AN Kaz SSR. The series is archaeological.* 1948. Nr 46. Iss. 1. Pp. 92-97. (In Rus.)
- Patsevich, 1948 - Patsevich G.I. Report on archaeological exploration in the Juvalinsky district of South Kazakhstan region in 1939. *Izvestiya AN Kaz SSR. The series is archaeological.* Issue 1. 1948.Nr 46. Pp. 92-97. (In Rus.)



Report, 2006 - Report of the scientific project archaeological monuments of Karatau for 2006 // Personal archive of M. Eleuov. 2006.155 p. (In Kaz.)

Severtsev, 1947 - Severtsev N.A. Travels in the Turkestan region. Moscow: OGIZ State Publishing House of Geographical Literature, 1947. 468 p. (In Rus.)

Severtsev, 2011 - Smagulov E.A. Archaeological scientific and research work in gorodishte Bektobe in 2011 // Archive of the Institute of Archeology named A.H. Margulan. F. 2. C. 3039. P.144. (In Rus.)

Taleev, Torbekov, 2020 - Taleev D.A., Torbekov E.S. Research conducted in 2018-2019 in the town of Burnooktyabrsk (Zhylykshytobe). *Archeology of Kazakhstan*. 2020. Nr 2 (8). Pp. 50-64. (In Kaz.)

Volin, 1960 - Volin S. Information from Arab sources of the IX-XVI centuries in the Talas River valley and adjacent areas. *Proceedings of the Institute of History, Archeology and Ethnography of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR*. Vol. 8. 1960. Pp. 72-92. (In Rus.)



Мазмұны 2023 № 26 (1)

**ӘДІСНАМА
бөлімі**

<i>1. Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е.</i> АРХЕОЛОГ В.Ф. ЗАЙБЕРТ ЖӘНЕ БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ.....	5
--	---

ТАРИХ бөлімі

<i>2. Муминов А.Қ., Утепбергенова Ұ.А.</i> СӘДУАҚАС ҒЫЛМАНИ ТАРИХШЫ РЕТІНДЕ.....	15
---	----

<i>3. Айдарбаева Р.Қ.</i> 1930 ЖЖ. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	30
---	----

<i>4. Оралова А.А., Қара Ә.</i> ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР ЖӘНІБЕКҰЛЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ (XVIII ғ. 2-ші жарт.)	43
--	----

<i>5. Турлыбекова А.М., Мусагажимова А.А., Жакупов М.О.</i> ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ АРНАЙЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ.....	58
--	----

<i>6. Сақтаганова З.Ғ., Қарсақова Г.Б.</i> 1921-1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҚМОЛА ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЛДАРЫНЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ.....	72
---	----

<i>7. Маликова С.З., Шериязданов Б.Р.</i> АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ӨКІЛІ ЖҰМАҒАЛИ ТІЛЕУЛИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР.....	83
---	----

<i>8. Жуманбаев Д.Н., Жуманбай Р.Н.</i> ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ БІРЛЕСТІКТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХНАМАСЫ.....	93
--	----

<i>9. Кайруллина А.К., Батталов К.К., Жуматай С.</i> БАЯНАУЫЛ СЫРТҚЫ ОКРУГІ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ ШАРТТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	108
--	-----

<i>10. Ильясова Г.С., Садыков Т.С.</i> ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК АЙМАҒЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР: 1999-2009 ЖЖ. МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....	120
---	-----

<i>11. Ким Г.Н.</i> ПОЛИВАРИАНТТЫ ЗЕРТТЕУ КӨЗІ РЕТІНДЕ ЖЕР АУДАРЫЛҒАН КӨРІСТЕРДІҢ ВАГОНДЫҚ (ОТБАСЫЛЫҚ) ТІЗІМДЕРІ.....	132
---	-----

**АРХЕОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АНТРОПОЛОГИЯ
бөлімі**

<i>12. Гурсой М., Сиздиқов Б., Сералиев А.</i> МЫҢТӨБЕ НАУСЫ ХАҚЫНДА.....	144
--	-----



13. *Мионг С.О., Чан Б.С.*
КЕҢЕСТІК КӘРІСТІК БАҚ-ТАҒЫ МӘДЕНИ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯЛАУ ПРОБЛЕМАСЫ:
ДОМИНАНТТЫ НАРРАТИВ ЖӘНЕ ТАРИХИ ЖАДЫНЫ ЖАСЫРУ.....163
14. *Ақымбек Е.Ш., Талеев Д.Ә. Шагирбаев М.С.*
ТЕРІС-АСА АЛҚАПТАРЫНДАҒЫ ҚАҢЛЫ
ЖӘНЕ ТҮРКІ ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....173
15. *Нозайбаева Д.Т. Ибадуллаева З.Ө.*
ТУЫСТЫҚ АНТРОПОЛОГИЯДАҒЫ НЕГІЗГІ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ
КОМПОНЕНТІ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ.....190



СОДЕРЖАНИЕ 2023 № 26 (1)

Раздел МЕТОДОЛОГИЯ

1. Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е. АРХЕОЛОГ В.Ф. ЗАЙБЕРТ ЖӘНЕ БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ.....	5
---	---

Раздел ИСТОРИЯ

2. Муминов А.К., Утепбергенова У.А. САДУАҚАС ГЫЛМАНИ КАК ИСТОРИК.....	15
3. Айдарбаева Р.К. 1930 жж. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	30
4. Оралова А.А., Қара А. ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР ЖӨНІБЕКҰЛЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІ (XVIII ғ. 2-ші жарт.).....	43
5. Турлыбекова А.М., Мусагажсинова А.А., Жакупов М.О. ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАҒАТЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ АРНАЙЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ.....	58
6. Saktaganova Z.G., Karsakova G.B. SOME SOCIO-ECONOMIC AND DEMOGRAPHIC CONSEQUENCES OF FAMINE IN NORTHERN KAZAKHSTAN IN 1921-1923 (ON THE EXAMPLE OF AKMOLA PROVINCE).....	72
7. Malikova S. Z., Sheriyazdanov B.B. NEW SOURCES ON THE LIFE COURSE OF THE ALASH INTELLIGENTSIA REPRESENTATIVE ZHUMAGALI TLEULIN.....	83
8. Zhumanbayev D.N., Zhumanbay R.N. HISTORIOGRAPHY OF THE FORMATION AND DEVELOPMENT OF PUBLIC AND POLITICAL ASSOCIATIONS OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN.....	93
9. Кайруллина А.К., Батталов К.К., Жуматай С. БАЯНАУЫЛ СЫРТҚЫ ОКРУГІ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ ШАРТТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	108
10. Ilyasova G.S., Sadykov T.S. SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN: BASED ON THE MATERIALS OF 1999-2009.....	120
11. Ким Г.Н. ПОВАГОННЫЕ (ПОСЕМЕЙНЫЕ) СПИСКИ ДЕПОРТИРОВАННЫХ КОРЕЙЦЕВ КАК ПОЛИВАРИАНТНЫЙ ИСТОЧНИК ИССЛЕДОВАНИЯ.....	132



Раздел
АРХЕОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АНТРОПОЛОГИЯ

12. Гурсой М., Сиздиқов Б., Сералиев А.
МЫҢТӨБЕ НАУСЫ ХАҚЫНДА.....144
13. Мионг С.О., Чан Б.С.
ПРОБЛЕМА КУЛЬТУРНОЙ РЕПРЕЗЕНТАЦИИ В СОВЕТСКИХ КОРЕЙСКИХ СМИ:
ДОМИНАНТНЫЙ НАРРАТИВ И СОКРЫТИЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ.....163
14. Акымбек Е.Ш., Талеев Д.А. Шағирбаев М.С.
ТЕРІС-АСА АЛҚАПТАРЫНДАҒЫ ҚАҢЛЫ
ЖӘНЕ ТҮРКІ ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....173
15. Ноғайбаева Д. Т. Ибадуллаева З.О.
МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИЙ КОМПОНЕНТ ОСНОВНЫХ КОНЦЕПТОВ
В АНТРОПОЛОГИИ РОДСТВА: ОТЕЧЕСТВЕННЫЙ И ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ.....190



CONTENT 2023 № 26 (1)

**Section
METHODOLOGY**

1. <i>Baigunakov D.S., Sabdenova G.E.</i> ARCHAEOLOGIST V.F. ZAIBERT AND BOTAI CULTURE.....	5
--	---

**Section
HISTORY**

2. <i>Muminov A.K., Utepbergenova U.A.</i> SADUAQAS GHILMANI AS A HISTORIAN.....	15
---	----

3. <i>Aydarbayeva R.K.</i> 1930 REFUGEE PROBLEMS IN THE TERRITORY OF EAST KAZAKHSTAN IN THE 1930s.....	30
--	----

4. <i>Oralova A.A., Kara A.</i> PERSONALITY OF BATYR KOZHABERGEN ZHANIBEKULY IN THE CONTEXT OF INTERNATIONAL RELATIONS (SECOND HALF OF THE 18TH CENTURY).....	43
---	----

5. <i>Turlybekova A.M., Musagazhinova A.A.</i> THE TRAGEDY OF THE SPECIAL SETTLERS IN THE DOCUMENTS OF THE STATE ARCHIVE OF THE PAVLODAR REGION.....	58
--	----

6. <i>Saktaganova Z.G., Karsakova G.B.</i> SOME SOCIO-ECONOMIC AND DEMOGRAPHIC CONSEQUENCES OF FAMINE IN AKMOLA PROVINCE IN 1921-1923.....	72
--	----

7. <i>Malikova S.Z., Sheriyazdanov B.R.</i> NEW SOURCES ON THE LIFE COURSE OF THE ALASH INTELLIGENTSIA REPRESENTATIVE ZHUMAGALI TLEULIN.....	83
--	----

8. <i>Zhumanbayev D.N., Zhumanbay R.N.</i> HISTORIOGRAPHY OF THE FORMATION AND DEVELOPMENT OF PUBLIC AND POLITICAL ASSOCIATIONS OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN.....	93
--	----

9. <i>Kairullina A.K., Battalov K.K., Zhumatay S.</i> HISTORICAL CONDITIONS AND FEATURES OF BAYANAUL OUTER DISTRICT'S FORMATION.....	108
--	-----

10. <i>Ilyassova G.S., Sadykov T.S.</i> SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES OF THE NORTHERN REGION OF KAZAKHSTAN: BASED ON THE MATERIALS OF 1999-2009.....	120
--	-----

11. <i>Kim G.N.</i> CARRIAGE (FAMILY) LISTS OF DEPORTED KOREANS AS A POLYVERSION SOURCE OF RESEARCH.....	132
--	-----



Section
ARCHAEOLOGY. ETHNOLOGY. ANTHROPOLOGY

12. *Gursoy M., Sizdikov B., Seraliyev A.*
ON THE SAGANA IN THE MYNTOBE.....144
13. *Soon-ok Myong, Byong-soon Chun.*
THE PROBLEM OF CULTURAL REPRESENTATION IN SOVIET KOREAN MEDIA:
DOMINANT NARRATIVE AND CONCEALMENT OF HISTORICAL MEMORY163
14. *Akymbek Y.Sh., Taleev D.A., Shagirbayev M.S.*
HISTORY OF STUDY OF SITES OF KANGUY
AND TURKIC EPOCHS IN TERIS-ASA VALLEYS.....173
15. *Nogaibayeva D.T. Ibadullayeva Z.O.*
IDEOLOGICAL COMPONENT OF THE MAIN CONCEPTS
IN THE ANTHROPOLOGY OF KINSHIP: DOMESTIC AND FOREIGN EXPERIENCE.....190



Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.
